8D04250 - «Жария құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызының «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызының 8D04250 - «Жария құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арналған «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (өзгертулер мен толықтырулар 01.01.2023 ж. енгізілген). 2.Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауы 3. Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы. https://adilet.zan.kz. 4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (03.10.2024 жағдайы бойынша). 5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ. (22.11.2024 жағдайы бойынша). 6. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығы. (30.07.2024 жағдайы бойынша).

			7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ. (09.09.2024 жағдайы бойынша). 8. Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы. (28.09.2023 жағдайы бойынша). 9. Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 132 Конституциялық заңы. (01.11.2024 жағдайы бойынша). 10. Кейбір сыбайлас жемқорлық қылмыстарды қарау практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 8 нормативтік қаулысы. (11.12.2020 жағдайы бойынша). 11. Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 13 ақпандағы № 552-IV Заңы. (09.09.2024 жағдайы бойынша) негізгі ұстанымдарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс ғылыми-зерттеу жұмыстары аясында жүзеге асырылды. «Парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығына сәйкес орындалған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Бұл ғылыми жұмыста алғаш рет парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері жан-

		ашылған/ашылмаған.	жақты зерттеледі. Жұмыс маңыздылығы ашылған: тақырып өзектілігі, жаңашылдығы ғылыми еңбектің теориялық және тәжіриблік мәні жан-жақты көрсетілген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасында алғаш рет жазылып, ұсынылып отыр. Диссертациялық жұмыс зерттеуші өзі жеке дара жазып шыққан толыққанды зерттеу болып табылады. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда автор қылмыстық-құқықтық және криминологиялық құралдарды пайдалана отырып, сыбайлас жемқорлыққа оның ішінде парақорлыққа қарсы іс-шаралар кешенін ғылыми тұрғыдан зерделеуге және сыбайлас жемқорлыққа оның ішінде парақорлыққа қарсы күрес саласына қатысты заңнаманы жетілдіру қажеттілігін атап өтіп, зерттеудің өзектігін сенімді түрде негіздейді. Жұмыс маңызды теориялық және тәжірибелік аспектілерді қарастырады. Бұл оның үлесін заң ғылымдары мен заманауи заң практикасы үшін маңызды етеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыс тақырыбы жоспармен үйлестірілген, әр бір сұрақ өзекті мәселелерді қарастырады. Дисертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, сегіз тараушадан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден, қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыс, зерттеудің мазмұны мен қарастыратын өзекті мәселелер тақырыпты **айқындайтынын** нақты көрсетті.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық ғылыми жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындайтын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі түрде анықталып тұжырымдаған. Жұмыс мақсаты толықтай тақырыпқа сәйкес келеді. Қазақстан Республикасындағы парақорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін зерттеу және оның негізінде сыбайлас жемқорлық қылмыстардың осы түріне қарсы күрестің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық нысандары мен әдістерін жетілдіру және оған жазаны қолданудың тәртібін және шарттарын

			реттейтін заңнаманы кешенді қылмыстық-құқықтық және криминологиялық талдаудың негізінде парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері түріндегі институтты жетілдіру бойынша құқықтық актілерге енгізілуі қажет өзгерістер мен толықтыруларды негіздеуден және ұсынудан тұрады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен негізгі тұжырымдары бір-бірімен тығыз байланысты. Жасалған ғылыми анықтамалар өзіндік ішкі сипатының бірлігімен және логикалық бірізділік тұрғысынан өзара толық байланысқан. Диссертациялық зерттеу міндеттерінің барлық сұрақтары қарастырылған. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен бөлімшелері логикалық тұрғыдан өзара тығыз байланысқан. Жасалған ғылыми тұжырымдардың анықтығы мен ішкі тұтастығы ізденушінің өз ұстанымдарының нақтылығымен айшықтала түскен, сонымен қатар зерттеу тақырыбын ашу барысында түсінікті тілмен талдаулар жасап, әрі жұмыс құрылымының тұтастығы мен бірізділігін қамтамасыз еткен.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда автор ұсынған жаңа қағидаттар дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған, сыни талдау бар. Диссертант жаңа шешімдерді ұсынып қана қоймай, оларды қолданыстағы тәсілдермен егжей-тегжейлі салыстырды. Зерттеу нәтижелері негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;** 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады.

		табылады)	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Рецензент беріліп отырған диссертация қылмыстық-құқықтық және криминология бағыты бойынша әзірленген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық шешімдері **толығымен жаңа және негізделген.**
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары боынша)	Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары ғылыми көзқарас тұрғысынан алғанда салмақты да шынайы деректерге негізделген және жақсы дәйектелген. Барлық тұжырымдар негізі зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты кешенді де жүйелі ғылыми еңбектер мен қағидаттардан бастау алады және ғылыми қорытындылар анализдер мен салыстырмалы талдаулар негізінде жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ** 7.3 Жаңа ма? **1) ия;**	Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста толықтай дәлелденген. **1 тұжырым. «сыбайлас жемқорлық», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық» және «сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» ұғымдарына авторлық түсінік берілді.** 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда

		2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ		дәлелденген. **2 тұжырым.** Диссертациялық зерттеуде сыбайлас жемқорлықтың негізі ретінде парақорлықтың қоғамдық қауіптілігінің артуын ескере отырып, оны жасағаны үшін тағайындалған қылмыстық жазалардың тиімділігін арттыру ұсынылды. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. **3 тұжырым.** Зерттеу барысында қылмыстық саясаттың даму тенденцияларын қалпына келтіруші сот төрелігін дамыту шеңберінде қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-атқарудың басқа да шараларын кеңейту мәселелері қарастылды; Қазақстан Республикасының қылмыстық-құқытық тәжірибесі зерттелді және талдау жасалды 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. **4 тұжырым.** ҚР ҚК 3-бабының 29) тармақшасында аталған сыбайлас жемқорлық қылмыстарға қарсы іс-қимылдың кешенділігі мен мақсаттылығын беру үшін аталған құрамдарды “Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар” деген атаумен 15-тараудың біріне қосу мүмкіндігін пысықтау қажет екендігін атап өткен, өйткені аталған бапта аталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар бір мезгілде сыбайлас жемқорлық қылмыстарды біріктіреді. ҚР ҚК Ерекше бөлігінің төрт тарауы:, ҚР ҚК 189 және 190-баптары ҚР ҚК Ерекше бөлігінің 6-тарауына жатады меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар; ҚК-нің

				218, 234, 249-баптары ҚР ҚК-нің ерекше бөлігінің 8-тарауына жатады. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар; 361, 362, 363, 365, 366, 367, 368, 369, 370 баптар ҚР ҚК Ерекше бөлігінің 15 тарауына жатады. Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар және ҚР ҚК 450, 451, 452-баптары ҚР ҚК ерекше бөлігінің 18-тарауына әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар жататындығы айтылған. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. **5 тұжырым.** Қазіргі таңда парақорлық қылмысының ақпараттық жүйені немесе телекоммуникациялар желісін пайдалану арқылы жасау санының артуына байланысты Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 366 бабының 3 бөлігіне жаңа 5 тармақша, яғни ақпараттық жүйені немесе телекоммуникациялар желісін пайдалану арқылы пара алуы; Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 367 бабының 3 бөлігіне жаңа 4 тармақша яғни ақпараттық жүйені немесе телекоммуникациялар желісін пайдалану арқылы пара беруі үшін қылмыстық жауаптылықты көздеуді енгізуді ұсынды. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген. **6 тұжырым.** ҚР ҚК 366, 367, 368-баптарының мазмұнын қайта қарап, айыппұл немесе бас бостандығынан айыру туралы сөз болып отырған осы баптардың санкцияларынан «немесе» сөзін алып тастау және санкциялау барысында қатаңдықты күшейтетін жаза түрлері тізбеленуі керек нұсқасы ұсынылды.

			7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат дәлелденді. 7.2. 2) тривиалды емес. 7.3. 1) Қағидат жаңа 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) ия;** 2) жоқ	Диссертант ұсынған диссертациялық жұмыстың ғылыми әдістері диссертацияның мазмұнына сәйкес келеді және негізделіп жазылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері мен мәліметтерді өңдеудің және түрлендірудің әдістемелерін қолдану арқылы жүйеленді. Эмпирикалық материалдар зерттеудің түрлі жаңа тәсілдерін қолдануға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелік қағидалар негізінде қарастырылды, сонымен қатар салыстырмалы және талдаулар, анализдер жасалып, деректерді ғылыми тәсілдермен ұсыну тәсілдері қолданылды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) **жоқ**	Теориялық қорытындылар, тұжырымдар, өзара байланыстар анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар арнайы зерттеулер негізінде дәлелденген және нақтыланған. Диссертацияның нәтижелерінің негізділігі мен дәйектілігі тақырыптың терең пайымдауға құрылған талдаулар әдістемесі негізінде жасалған. Диссертанттың теориялық пікірлері дәлелденген және расталған. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерді талап етпейді. Сондықтан эксперименттік зерттеулер жүргізілмеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды тұжырымдар мен пайымдаулар өзекті және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып және оларды басшылыққа ала отырып жасалған. Бұл жұмыста өте танымал әрі кең таралған 186-дан астам отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінен заңдардан, кодекстерден, бұйрықтардан, жолдаулардан,

			статистикалық мәліметтерден, сот үкімдерінен тұратын пайдаланыланылған әдебиеттер тізімі берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз	Қолданылған әдебиеттер толыққанды әрі жан-жақты әдеби шолу жасауға жеткілікті. Пайдаланылган әдебиет көздері жан-жакты әдеби шолу жасау ушін жеткілікті. Автор парақорлыққа қарсы іс-қимыл: қылмыстық-құқықтық және криминологиялық аспектілері мен соңғы зерттеулерді қамтитын ғылыми жарияланымдардың кең ауқымын қамтыды. Бұл зерттеудің терең теориялық негізін қамтамасыз етті жане зерттелетін мәселені талдау үшін сенімді контекст құруға мүмкіндік берді. Әдебиеттерді таңдау зерттеу сұрағының өзектілігін көрсетеді, сонымен қатар автордың тақырыпты талдауға кешенді көзқарасқа деген ұмтылысын корсетеді. Әртүрлі юрисдикциялардан және әртүрлі көзқарастардан алынған дереккөздердің қосылуы зерттеудін көп қырлылығына және оның ғылыми объективтілігіне ыкпал етті. Осылайша, әдеби шолу автордың пәндік саланы терең тусінуін көрсетеді және одан әрі зерттеуге сенімді негіз береді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Автормен алынған зерттеулер нәтижелері қамаққа алу жаза түрі ретінде: қылмыстық-құқықтық және қылмыстық – атқару аспектілеріне нақтыланып зерттелді. Диссертациялық жұмыс жазаны ізгілендіру саласындағы мемлкеттің саясатына септігін тигізеді. Қылмыстық құқық, қылмыстық-атқару құқық саласындағы мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстарда қодануған болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ	Диссертацияда кешенді түрде қамтылған мәселелер, ондағы жинақталған деректік мәліметтер, зерттеу жұмысындағы қорытынды мен ұсыныстар, қамаққа алу жазасын тағайындау мен орындау мәселелері бойынша заң шығарушылыққа, оқу курстарын дайындауда, оқулық немесе ғылыми, қоғамдық-саяси басылымдарға дереккөз ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың практикалық маңызы жан-жақты екеніне дәлел бола алады.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? **1) толығымен жаңа;** 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Бұл ғылыми еңбекте көрсетілген ұсыныстарды және зерттеулер қорытындыларын практика жүзінде қолданысқа енгізу оны қылмыстық заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, ЖОО-ларда дәріс материалы ретінде қолдануды және осы бағыттағы салыстырмалы талдаулар кезінде сенімді ақпарат көзі ретінде пайдалануды ескеру керектігін сенімді түрде айтуға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.		Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел. Сонымен қатар автордың жасаған байламдары анық әрі нақты пішінде берілген.
11	Диссертацияға ескертулер			Диссертация жұмысын рәсімдеу барысында аздаған стилистикалық қателіктер кездеседі, бірақ олар жұмыстың академиялық жазу сапасын төмендетпейді. Жалпы көрсетілген ескерту ұсынбалы сипатқа ие және жұмысты оң жақты қабылдауға еш әсер етпейді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы			Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 8 ғылыми мақала жарияланған, оның 1 ғылыми мақаласы Scopus базасына кірген, 6 ғылыми мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі ғылыми басылымдарда, 1 ғылыми мақала Қазақстаннан тыс Ресей Федерациясының халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда баяндалған және жарияланған. Жарияланған мақалалардың барлығы да жоғары деңгейде зерттелген ғылыми еңбек болып табылады.

	бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)			
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)			Дүйсенбаева Гүлзипа Жұмабайқызына «8D04250-Жария құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады.

Ресми рецензент:

Абай атындағы ҚазҰПУ
«Құқықтану» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының докторы **А.Р. Бижанова**

« 19 » 12 2024 жыл

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ
КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ